

Баяндама

*Тақырыбы: «Өзін-өзі тану – жаңа
заман педагогикасы»*



Әдіскер- инноватор Шубаева Н.М.

«Өзін – өзі тану» бағдарламасының негізгі мақсаты

*Адамның қоршаған ортаны біліп,
өзінің ішкі жан – дүниесіне үңіліп,
өзін – өзі басқару негізінде
адамгершілік – рухани әлеуметті көтеру.*

«Өзін – өзі тану» бағдарламасының міндеттері

Қазақстанның білім жүйесінде педагогтарды жеке тұлға тәрбиесін ізгілендіруге бағыттап, өскелең ұрпақтың өзіндік “менін” қалыптастыруды көздейді.

“Өзін –өзі тану” курсы арқылы жан – жақты дамыған, рухани адамгершілігі мол, бір-біріне сүйіспеншілікпен, құрметпен қарайтын, өмір сүруге құштарлығы жоғары жеке тұлға тәрбиелейміз.



“Өзін - өзі тану” – бұл тек өзі туралы біліп қана қою емес, қоғамдық – қатынастар жүйесіндегі, адамдар арасындағы өз орнын таба білу, өзін тұлға ретінде сезіну болып табылады.






*“Шаттық шеңбері” –
тәрбиеші балалармен бірге
амандасып, тақпақ оқып, ән
айтатын, жылы сөздер
сыйлайтын маңызды шеңбер
болып табылады.*





*«Тыныштық сәті» — релаксация
тұрғысындағы әдістемелік тәсіл.
Толық тыныштықта баланың
жүрек соғу ырғағы мен тыныс алуы
реттеледі, денесі жеңілденеді. Ол өз
ойын жинақтай алу мүмкіндігіне ие
болады, өзінің ішкі «Менін» түсіне
алады, өзінің сезімі мен көңіл-
күйін жақсы сезінеді.*



«Сабақтың дәйек сөзі» — балалардың танымдық белсенділігін арттыруға, оқу материалын эмоционалды-бейнелі тұрғыдан қабылдауға ықпал ететін өзін-өзі тану сабақтарының міндетті элементі болып табылады. Сабақтың дәйек сөзі ретінде халық даналығы, халық мақалы, нақыл сөз, даналық сөз, ұлағатты сөз алынады.



Әңгімелесу

Тәрбиешіні және бірін – бірі тыңдауға, тыңдаған шығарманы түсінуге үйренеді.

Әр бала тақырыпқа байланысты қойылған сұраққа жауап беріп, өз ой – пікірін айтады.

Тәрбиеші балалардың ойын, пікірін мадақтап, түрлі жағдайларға баға беруге үйретеді.

*Ойын арқылы бала
адамгершілік
құндылықтар жөнінде
тәжірибе
жинақтайды.*

*Ойын арқылы бала
өзінің
құрдастарымен
қарым – қатынас
жасауға үйренеді.*

Ойын


*Ойындар сабақ
мазмұнына сәйкес
алынып,
жеке және топтық
жұмыстар*

«Шығармашылық жұмыс» — бұл тәсіл балалардың шығармашылық шабытын аша түсуге, олардың символдарды, бейнелер мен әрекеттерді ұғынуы арқылы өзіндік «Менін» көрсете алуына сентігін тигізеді, балалардың өз күшіне сенімділігін, өзінің қабілеттері мен шығармашылық мүмкіндіктеріне сенімдерін қалыптастырады, жауапкершілікке, дербестілікке тәрбиелейді.







«Сергіту сәті» — сабақ үстінде балалардың жалығуы мен шаршағандығын ұмыттыратын, бойларын сергітуге қажетті өзін-өзі тану сабағының құрамдас бір бөлігі. Осы тәсіл топтың көңіл күйін көтереді, оқуға, білуге ынтасын дамытады, жылдам назар аударуын күшейтеді, ұжымның ұйымшыл болуына ықпал етеді.




«Жаттығу-ойлану», «Жағдаяттарды талдау» - балалардың өмірдің тәлімдік-танымдық жағдайларының мәнін ұғына білу мен нақты өмірлік жағдаяттарды бағалай білу дағдыларын дамытуға, өзінің ойы мен ісіне, әрекеттеріне жауапкершілігін қалыптастыруға ықпал ететін әдістемелік тәсіл.



*«Бейнематериалдар көру (фильмнен,
мультфильмнен үзінділер және т.б.)»
– оқу мағлұматтарын көрнекілік
тұрғысынан жеткілікті түсіндіруге
мүмкіндік беретін әдістемелік тәсіл.
Айқын көркем көріністер балаларға
оқу материалының мазмұнын
түсінікті қабылдауына және жете
меңгеруіне ықпал етеді.*



«Сахналау» — бұл тәсіл өзін-өзі тану сабақтарында оқу материалының мазмұнын эмоционалдық-сезімдік күймен тиімді қабылдау мақсатында әр түрлі жағдаяттарды балалардың өздері рөлдерде орындауы арқылы ұйымдастырылады.



*Қорытындылау — сабақ
барысында айтылған ойларды
тәрбиешінің өзі немесе
балалармен бірге жинақтап
қорытуға бағытталған
әдістемелік тәсіл.*



«Жүректен-жүрекке» – сабақтың аяқталу кезеңінде қолданылатын, бір-бірімен пікір алмасуды, бір-біріне тілектер айтуды немесе бәрі бірге сабақтың негізгі ойын қорытатындай ән не өлең орындауды қамтитын және тәрбиешінің әрбір баланың эмоционалдық күйін, олардың сабақ мазмұнын түсіну деңгейін анықтауға мүмкіндік туғызатын әдістемелік тәсіл.



*“Өзіммен - өзім” – деп аталатын
құрылымы арқылы баланың
эмоциялық жағдайлары мен
көңіл – күйін бейнелеп
жеткізуіне және өзінің ішкі
ойымен бөлісуіне жағдай
туғызады.*



№6 БАЛАБАҚША



Назарларыңызга рахмет!